



ӘЛЕМГЕ ТОЛСА КӨКІРЕГІҢ, АШЫЛАР КӨЗІ САНАҢЫҢ



Өз елім менің

Елбасының елдік сабағы

3 қыркүйекте Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев патриотизм тақырыбындағы дәрісін еліміздегі 2,5 млн оқушыға арналды. Туған елінің тарихын білмейінше шынайы патриот болу мүмкін емес екендігін шегелеп айтты. Мен еліме не беремін деп ойлану керек. Әр адам өз қаблетіне қарай мамандықты таңдап, сол мамандықтың шыңына шығу керек. Бүкіл уақытын компьютердің алдында өткізетін адамдар бар. Олар түптің түбінде жалғыздықтан күйзеледі. Оқитын адамдар да бар. Болашақта компьютердің алдында отырған адамдар оқыған, сауатты адамдарға қызмет ететін болады. Табысты адамдар кімдер? Ақшалылыр ма? Адамнан барлық нәрсе тартып алынуы мүмкін. Бірақ білімнің мен кәсібіңді сеннен ешкім тартып ала алмайды.

Инженерия, медицина, энергетика саласындағы технологиялар қарыштап дамуда. Біз жер қойнауы бай еліміз. Бірақ ол таусылады. Біз оған дейін қамданып басқа индустрия құрып үлгеріміз қажет. Болашақ-технологияларда. Энергияны желден, күннен алуды үйрену керек.

Ең алдымен денсаулыққа көңіл бөлу керек. Жақсы денсаулығы бар адам ғана жақсы табысқа жетеді. Спорт-денсаулық кепілі. Өзіңді бір қалыпты ұстап жүру де өнер. Білімге, табысқа ұмтыл!

Алаштың ардақтылары



Қазақ музыкасының бәйтерегі- Мұқан Төлебаевқа -100 жыл

КСРО Халық әртісі, қазақтың аса көрнекті композиторы, қоға қайраткері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұқан Төлебаевтың 100 жылдық мерейтойы болды. Аса көрнекті композитор шығармашылығы XX ғасырдағы қазақ ұлттық музыка өнері тарихында шоқтығы биік мұра. Халықтық қазынадан қанып ішкен талант иесі қазақ музыкасының европалық нұсқасының кәсіби негізін қалаушы.

Алтайдың ақиығы Оралхан Бөкейге 70 жыл



Әдебиет көгінде жасындай жарқырап өткен қайталанбас қалам иесі, талантты жазушы -Оралхан Бөкей.

Мұзарт шыңның мұзбалақ зор құсына, Аспан тектес бекзада болмысына. Өр Алтайдың өлкесі, орман, тауы, Тектілігі-ұлы ұстаз болды, сірә.

Қысқа ғұмыр кешсе де ол қасіретті, Кең құшағын ғаламға ашып өтті. Қаламының ұшымен қасиетті, Адамзатты Алтайға ғашық етті.

Имандылық тұтқасы



*“Қызғалдақ”
қыз балалардың
сырласу бұрышы*

Тереңге бармай-ақ, күнде көріп,
көзің ұялатын бірер мысалға
тоқталайын. Көшеде қарсы алдыңнан
кездесетін он қыздың тоғызының
кіндігі шошайып ашық келе жатады.
Қыздар мықын, бел, ышқыр деген
ұғымдарды алмастырып алған сияқты.
Кіндік ашқыш бойжеткендер далаға
шығарда айнаға қарайтын болар. Бұл –
сыртқы көрініс, ал ішкі жағына келсек,
мұнда үлкен кілтипан барын
байқаймыз. Сол қыздар ертең тумас
болып қалуы әбден мүмкін. Кіндік
деген – қасиетті жер. Адам өмірге шыр
етіп туғанда кіндікті байлап кесіп,
жолдасынан айырмаса, ол өлер еді.
Кіндік – адам денесінің ортасы, түйіні.
Алдынан кіндікті ашқан соң, оған
қоса, арт жағындағы бүйрек те
жалаңаштанады. Сол бүйректен ыстық
өтеді, суық тиеді, жел қағады
дегендей, бүйрек адам ағзасындағы
зор қызмет атқаратын әрі зақымдалса,
емдеуі қиынға соғатын жер емес пе?!
Ертеңгі күні сол қыз бала туғанның
өзінде сәбиінде кемдік, дене мүкістері
болуы тағы да шындыққа келеді. Қазір
дәрігерлер қыздар мен жас
келіншектердің бойынан бұл жаста
бұрын кездеспеген жыныс
ауруларының, бүйрек сырқатының
көбейгенін, ішке біткен нәрестенің бір-
екі айдан соң іріп кетіп жатқанын
айтып, дабыл қағуда. Мінеки,
талғамсыз, ойсыз еліктеуден сау
бастарына тілеп алған «сақинасы».

**Зейнеп Ахметованың “Балалар
аманаты” кітабынан**



*“Толағай”
ер балалардың
кеңесу бұрышы*

Ел үшін аянба-ерлігіңе сын,
Жұрт үшін аянба-жігіттігіңе сын.

Ердің туы-намыс

Ақыл айтар мезгілде
Мың жасаған шалдай бол.

Қатал болар мезгілде,
Шатырлаған жайдай бол.

Мейірім түсер мезгілде
Ағарып атқан таңдай бол.

Жауды бөгер кезінде,
Көлденең жатқан ордай бол!

Б.Момышұлының нақыл сөздерінен

*Гибратты
аңгімелерді оқы,
көңілге тоқы !*



Ертеде бір адам жалғыз сиырының
сүтін сатып, ақша жинап сауда
жасамақшы болыпты. Сүтті
көбейтемін деп су араластырып сатады
екен. Бірнеше жыл бойы жиналған
ақшасын шағын дорбасына салып
алып, кемеге отырады. Қалғып кетсе,
ақша салған дорбасы жоқ. Кеме
желкенінде отырған маймылдың
колынағы дорбасын көріп қатты
сасады. Дорбаны таста деп ымдаса
маймыл дорбаны ашып, бір ділдәні
суға лақтырып, бір ділдәні бұған
лақтырады. Дорбадағы ділдә біткен
кезде: өзіңе тиесілі ділдәні саған, суға
тисілі ділдәні суға бердім дейді.
Кісі ақысын жеп жинаған ділдә
саудада өзіңе қайырлы болмауы
мүмкін екендігін ескертеді.

Гимназия жаңалықтары

Облыстық «Жас ұлан» балалар қоғамдық ұйымының өткізген семинарына қатысушылар



21 қыркүйек күні Қазақстан халықтарының тілдер мерекесі күніне орай «Мемлекеттік тіл-менің тілім» атты фестиваль болып өтті.



7 қыркүйек күні 5-7 сыныптардың үгіт-насихат топтары арасында «Көңілді бағдаршам» атты сайысы болып, нәтижесінде I орынға 5ә сыныбы, II орын 7а,ә сыныптарына, III орынға 5а, б сыныптарына ие болды.



«Бір ел-бір кітап»

республикалық акциясы

Кітапханада ақын Ф.Оңғарсынованың «Дауа» жыр жинағы негізінде «Серпер сезімді саңлақ» тақырыбында ақынның жыр көшімен сырласу мақсатында поэзия кеші өтті. Білім алушылар жыр әлеміне құлаш ұрған ақын жырларын мәнерлеп оқып, алған әсерлерін түйіндеді.



6 қыркүйек «Жол-көлік оқиғаларының алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Дәрігері А.Т.Алтаев «Балалар жарақатының алдын алу шаралары» тақырыбында баяндама жасаса, нарколог А.Қ.Садықов, дәрігер Р. Рысқалиқызы, педиатр Н.А.Васелькова, дәрігер Ә.Т.Карина балалармен жол-көлік оқиғасы жөнінде әңгімелесіп, кеңестер берді.



Бетті дайындаған: Құмар Мирас

Ұша білген қанатқа дүние кен

Құттықтаймыз!!!

2013 жылғы 26-29 қыркүйек аралығында Ақмола облысы, Бурабай ауданы, «Щучинский» шипажай аймағында «XXI ғасыр балалары: әлем мәдениеті жолында» атты балалар және жастар қоғамдық ұйымдары көшбасшыларының YI Халықаралық саммитіне қатысушылар.



«Жұлдыз» балалар қоғамдық ұйымының одағы» қоғамдық бірлестігінің «Балалар үшін» төс белгімен №6 Хромтау гимназиясы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жасаганбергенова Баян Идрисовна марапатталды.



«Жұлдыз» балалар қоғамдық ұйымының одағы» қоғамдық бірлестігінің «Лидер» төс белгісімен және арнайы сыйлықпен 2сынып білім алушысы **Самат Томирис** марапатталды

15 қыркүйек күні денсаулық күніне арналған аудандық 7-9 сынып білім алушылары арасындағы шағын футбол жарысында гимназия футболшылар командасы жүлделі I орынға ие болып, аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бастығының грамотасы мен кубогына ие болды. Егізбаев Аманжол «Үздік қақпашы», Сәулебеков Руслан мен Боккарин Саламат «Үздік шабуылшы /бомбардир/» атағына ие болды.



Қыркүйек XIY-ші Хромтау аудандық оқушылар арасындағы спартакиадаға қатысып «Жеңіл атлетикалық кросс» жарысында I орынға Баймулдина Жұлдыз, II орынға Сарина Гүлнұр, III орынға Қожахметова Самал ие болып, Хромтау аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі ММ басшысының мақтау қағаздарымен марапатталды.

Бас редактор: Елеусизова Әлия Мухамбетқызы

Тарату бөлімі: "Құбылнама" клубы
871336-27-7-40 www.gimnaziya6.kz

Газет айына бір рет шығады.
Мекен жайы: Хромтау қаласы
Әуезов көшесі 126
№6 Хромтау гимназиясы